

[РИА Новости, 03.06.2017](#) [1]



Үкіметтің жыл сайынғы баяндамасында Ресейде ЖОО оқытушылары мен профессорлардың орташа еңбекақысы 2016 ж. 4,3 мың рубльге (\$76) өсіп, 55 мың рубльді (\$971) құрады делінеді.

Мектеп мұғалімдері 2016 ж. орташа есеппен 600 рубльге (\$11) артық алды. 2015 ж. орташа жалақы 32,6 мың рубльді (\$576) құрады, ал 2016 ж. ол 33,3 мыңға (\$588) дейін артты.

Мектепке дейінгі білім беру саласының мұғалімдері 2015 ж. қаңтарынан желтоқсанына дейін орташа есеппен 26,6 мың рубль (\$470) алды, 2016 ж. орташа жалақы 900 рубльге (\$16) жоғары болды.

Жетімдер және ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар үшін әлеуметтік қызметтер көрсететін педагогикалық жұмыскерлердің орташа жалақысы 2016 ж. 30 мың рубльді (\$530) құрады.

Қосымша білім беру оқытушылары 2016 ж. орташа есеппен 28 мың рубль (\$495) алды, бір жыл бұрын олардың жалақысы 26,8 мыңды (\$473) құрады. Өндірістік оқытудың

оқытушылары мен шеберлерінің жалақысы 2016 ж. 1,2 мың рубльге артты: 28,7 мыңнан (\$507) 29,9 мыңға (\$528) дейін.

Links

[1] <https://ria.ru/society/20170603/1495739364.html>